

# Абайдың рухани әлеміне саяхат

**Биыл қазақ поэзиясының  
биік шыны Абай  
Құнанбайұлының 180  
жылдық мерейтойы  
қарсаңында Арқалық  
қаласындағы облыстық  
№2 әмбебап ғылыми  
кітапханасында  
Ақпараттық-  
библиографиялық  
қамтамасыз ету белімінің  
үйімдастыруымен «Ең  
үздік кітап көрмесі»  
байқауы өткізілді.**

Дала данышпанының өмірі мен шыгармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, оқырмандарды әдеби құndылықтарға жақындаста тұсу және кітапхана ісін жаңандыру мақсатын көздеңеген иғі іс-шараға қызмет бөлімдерінің кітапханашылары белсene қатысып, Абай шыгармашылығына арналған көрнекі, мазмұнды және креативті көрмелер ұсынды. Көрмелерде ақынның шыгармалары мен қолжазбалары, ғылыми еңбектері, аудармалары мен өміріне қатысты жазылған зерттеулер, естелік суреттері қойылып, заманауи жасанды интеллект

қолданылды.

Сонымен қатар, оның рухани мұрасына деген қызыгушылықты арттыру мақсатында Абайдың философиялық ойлары мен өлеңдеріне терең үнілетін әдебиеттер ұсынылды. Байқауда әр бөлім өз көрмелерін таныстыруда өзіндік шеберліктерін көрсете білді. Атап айттар болсақ, оку залы бөлімі дайындаған көрменің тартымдылығы заманауи жасанды интеллектіні жас ерекшеліктеріне сәй қолданып, ақын шыгармашылығынан мәлімет беруде ете шеберлікпен үйлестіре білген. Өнер бөлімінде де жаңа заманға сай тамаша көрме жабықталған. Сонымен қатар абонемент бөлімінде жас кітапханашы Ернар Төлеус ақынның өмірі мен шыгармашылық мұрасынан дайындалған көрменің тақырыбын терең ашып, өзінің сөз шеберлігі мен кәсіби білімін таныта білсе, балаларға қызмет көрсете бөлімінің қызметкерлері ақын әндерінен шашу шашып, керемет шыгармашылық дизайнмен безендірлген көрменің шымылдығын түрді.

Бұл шара жас үрпақтың ру-

ханы азық алуына, кітапхана мәдениетін дамытуға және Абай мұрасын жаңа қырынан тануға үлкен мүмкіндік береді.

Байқау сонында әділқазылар алқасы әр көрмені өзіндік ерекшелігімен, шыгармашылық ізденістерімен және көркемдік безендірілу бойынша бағалап, жеңімпаздарды марараптап, сыйлықтар табысталды.

Абай сөзі – асыл сөз. Абай сөзі – адамды адалдыққа адастырмай апаратын, білім мен ғылымға бастайтын даналық. Сол себепті Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің үлкен мұрасы саналатын ұлы ақынның шыгармашылығына насыхаттау мақсатында өткен тағылымды шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ақын мұрасын дәріптеуде өзіндік зор үлестерін қосқан әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Меруерт  
**ЖУМАҒАЛИЕВА,**  
№2 ОӘРК  
библиографы